

Жамансариева Ләззат Дәуірқызы

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға
оқытушысы, п.ғ.к*

Жаңбырбай Алия

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
магистранты*

Педагогикалық феномен ретінде ойынның қызметі мен тиімділігі

Қазіргі әлеуметтік жағдай жеткіншек ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді ағарту саласында бірінші орынға шығарады. Әсіресе, баланың әлеуметтік бейімделуі, ересектермен, өз қатарластарымен қарым - қатынасты тиімді жасауы педагогикалық-психологиялық теория мен практика үшін аса мәнді. Балалардың жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық дамуы, осыған қатысты оқыту-тәрбиелеу жолдары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс қалыпты болмағанда жүргізілетін коррекциялық жұмыстар, зерттеу әдіс-тәсілдерін негіздеген құнды еңбектер баршылық.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер оқытушы ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді». Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек.

Сабақта ойындар арқылы оқушыларды ұжымшылдыққа баулып, достарын нығайтуға, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеуге болады. Ойындар мінез-құлықтың кейбір теріс түрлерінен (тартыншақтық, менмендік, өкпешілдік, қыңырлық) арылуға көмектеседі.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

Әлеуметтендіру қызметі.

Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

Ұлтаралық қатынас құралы қызметі.

Себебі, ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады. Өйткені ойын - әрі ұлттық әрі интернационалдық, сонымен бірге жалпы азаматтықта.

Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді.

Ойынның қатысымдық қызметін – балаға шынайы күрделі адамдық қатысым аясына еруге мүмкіндік беретін дерегі айқын көрсетеді.

Ойынның диагностикалық қызметі- педагогқа баланың әр қырынан: интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық және т.б. көрінуін диагностикалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын – баланың өз күшін нақты сезінетін, өзін-өзі бағалау, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін танитын өзін-өзі көрсету аймағы болып табылады.

Ойынның емдік қызметі – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқында туындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңу құралы ретінде қолданылуымен түсініледі. Ойынның мұндай қызметін Д.Б.Эльконин аса жоғары бағалайды.

Ойынның түзеу қызметі деп – баланың тұлғалық құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқа кездегіден гөрі неғұрлым жұмсақ өтеді.

Ойынның дамытушылық қызметі, оның ең маңызды қызметтерінің бірі.

Сонымен бірге, ойын – баланың қызығушылықтан дамуға ұласатын, қызығушылығының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық-кеңістігі.

Ойынның негізгі функциялары:

1. Көңіл көтеру (ойынның ең негізгі функциясы көңіл мен қызығуды арттыру болып табылады).
2. Қарым-қатынас жасау (коммуникация негізінде қарым-қатынас диалектикасын меңгеру).
3. Өзін-өзі көрсету (адамзат тәжірибесінің негізгі алаңы ретінде өз мүмкіндіктерінің жүзеге асыру).
4. Ойын терапиясы (Өмірде кездесетін әр түрлі қиындықтарды ойын арқылы жеңу).
5. Диагностикалау (мәнез-құлық нормаларынан ауытқуларды анықтау, өзін-өзі тану).
6. Түзету (тұлғалық көрсеткіштер құрлымына оң өзгерістер ендіру).
7. Ұлтаралық коммуникация (барлық адамдарға ортақ әлеуметтік – мәдени құндылықтарды игеру).
8. Әлеуметтендіру (қоғамдық қатынастар жүйесіне ену, бірге өмір сүру ұстанымдарын игеру).

Ойынның негізгі қасиеттері:

1. Еркін дамитын іс-әрекет. Іс-әрекетке қанағаттану сезімі пайда болатын, тек баланың тілегі бойынша жүзеге асатын, нәтиже маңызды бола бермейтін іс-әрекет.
2. Шығармашылық сипат. Тапқырлықты қажет етуі, өте белсенділігі.
3. Көңіл-күй көтеріңкілігі. Бәсекелестік пен сайысты тудыруы.
4. Ережелердің болуы. Логикалық немесе уақыттық бірізділікті, мазмұнды бейнелейтін тура не жанама ережелер.

Басқаруға болатын қызмет ретінде ойынның құрлымына мақсат қою, жоспарлау, мақсатты жүзеге асыру, нәтижелерді талдау әрекеттері кіреді.

Ойынға қойылатын талаптар:

1. Ойынға бөлінген уақыт мөлшері оқушыны жалықтырмайтындай болуы керек.
2. Ең бастысы ойын түрлері тақырып аясынан ауытқымай, оның мазмұнын ашуы қатаң ескеріледі.
3. Ойынға қажетті материалдар алдын-ала дайындалуы керек.
4. Ойынның түрін таңдап алу, мысалы, ойын мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш түрінде болуы мүмкін.
5. Ойынның өту жоспарын жасау.

Ойын іс-әрекетінің мотивациясын оның еріктілігі, таңдау мүмкіндігі, бәсекелестік және өзін-өзі көрсету мұқтажының қанағаттандырылуы қамтамасыз етеді.

Процесс ретінде ойын құрылымына мыналар жатады:

- Қатысушылар мойнына алатын рөлдер.
- Рөлдерді жүзеге асыру құралы ретінде әрекеттер.
- Заттарды ойында шартты түрде пайдалану.
- Қатысушылар арасындағы нақты қарым-қатынастар.
- Ойын сюжеті (мазмұны).

Ойынның басты ерекшелігі-көңіл көтеру және сауықтыру бола отырып, оның шығармашылық пен танымдық қызмет атқаратындығы, адам аралық қатынастардың еңбек барысында қалыптасып, реттелуіне мүмкіндік беретіні.

Мектепте оқу үрдісін белсендіру және пәрменді ету құралы ретінде ойын мына мақсаттарда пайдаланылады:

1. Ұғымдарды, тақырыптарды, тіпті пән тарауларын өздігінен игеру технологиясы ретінде.
2. Үлкен технологиялардың белгілі бір бөлігі ретінде.
3. Сабақ немесе құрамдас бөлігі ретінде.
4. Сыныптан тыс жұмыс технологиясы ретінде.

Жалпы ойындардан педагогикалық ойындар нақты оқыту мақсатының болуымен және соған сәйкес нәтиженің алынуымен, оның нақты түрде негізделумен, оқу-танымдық бағытта сипатталуымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - Спб. Питер, 2002, 282 с.
2. Ермолаева М.Г. Игра в образовательном процессе. Методическое пособие. – Спб.: СпбГУПМ. 2003. – 64 с.
3. .Нұрғаева Г.Ойын сабақ // Бастауыш мектеп, 2001, №7. -Б.40-46
4. Қоянбекова.С. Ойын мақсатын талдау және оның мәні // Қазақстан мектебі, 2002, №1-2.-Б. 45-49
5. Байжұманова. Б. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі, 2000, №2.-Б. 29-31
6. А.Мырзахан.Бастауыш сыныптарда ойын түрлерін тиімді пайдалану. - //Бастауыш мектеп журналы - 2010, №2, 1-76; Алматы